

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫ САНЫНЫҢ СЕРПІНІН, ЕҢБЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІН ЖӘНЕ ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ТАЛДАУ

Назарқызы А.

Анализ динамики численности и занятости населения, уровень безработицы в городе Жанаозен. Уровень безработицы в г.Жанаозен на сегодня остается одним из самых высоких в области, что обусловлено резким ростом населения в последние годы.

The analysis of dynamics of a population, degree of employment and unemployment in the city Zhanaozen city. The rate of unemployment in the Zhanaozen city remains for today the one of the highest in area that is caused by sharp growth of the population last years.

Жаңаөзен қаласында халық саны 2009 жылы 2005 жылмен салыстырғанда 41,6 пайызға өскен. Бұл демографиялық өсу жағынан алғанда өте жоғары көрсеткіш болып табылады.

Жаңаөзен қаласы халқының сандық серпінін талдау үшін 2006-2009 жылдар аралығындағы халықтың табиғи қозғалысын қарастырамыз.

Кесте 1 – Жаңаөзен қаласы бойынша халықтың табиғи қозғалысы [1]


Жылдар	Халық саны жыл басына, адам	Туылғандар саны, адам	Өлгендер саны, адам	Табиғи өсім
2006	79 400	2283	480	1803
2007	83 000	2828	515	2313
2008	87 100	2983	550	2433
2009	90 200	3108	554	2554
2009ж. 2006 ж.-ға өсу қарқыны, пайызбен	13,5	36,1	15,4	41,6

Жаңаөзен қаласы халық санының жоғарғы қарқынмен өсуімен ерекшеленеді. Себебі жақын орналасқан мемлекеттердің мигранттары үшін экономикалық тартымды болып саналады. Халық саны жылма-жыл орта есеппен 3-5 пайызға өсіп, талдау кезеңі ішінде 13,5 пайызға өскен. 2006-2009 жылдар аралығындағы халық санының өсім қарқыны бойынша республикалық көрсеткіш 4,7 пайыз екенін ескерсек, бұл өте жоғары. Жаңаөзен қаласы бойынша халық санының жоғары қарқынмен өсуіне миграциялық өсім үлкен ықпалын тигізіп отыр. Себебі жалпы өсім мәнінің

қалыптасуындағы миграциялық өсімнің үлесі табиғи өсімнен жоғары (қалаға 1992 жылдан бері 60 мың оралмен көшіп келген).

Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің қатарына халықтың жұмыспен қамтылу деңгейі жатады. Еңбек ресурстары экономикалық тұрғыдан белсенді халық пен экономикалық тұрғыдан енжар халық санынан тұрады. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық – тауарлар шығару және қызметтер көрсету үшін белгіленген жастағы халық бөлігі. Оның құрамына экономикалық қызметтің барлық түрлерінде жұмыспен қамтылғандар және жұмыссыздар кіреді. Экономикалық тұрғыдан енжар халық – жұмыспен қамтылған болып табылмайтын немесе жұмыссыз халықтың экономикалық белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы адамдар. Жұмыспен қамтылған халық - өз жағдайына байланысты бір аптаға тең келетін белгілі бір қысқа кезең ішінде жалдамалы қызметкер сияқты санаттардың біреуіне жатқызылуы мүмкін тиісті жастағы барлық адамдар. Жұмыссыздар – жұмыссыз болған, оны үздіксіз іздеген, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жұмысқа кірісуге әзір сияқты үш негізгі өлшемге бір мезгілде жауап беретін, халықтың белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы адамдар. Жұмыссыздық деңгейі – экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы пайызбен өлшенетін жұмыссыздар санының үлесі.

2009 жылдың 1 қаңтарында Жаңаөзен қаласында тіркелген жұмыссыздық деңгейі 1,3 пайызды құрады. Ал бұл көрсеткіш республикалық деңгейден 0,7 есе жоғары (республикалық – 0,9 пайыз), ал орташа облыстық көрсеткіштен 0,6 есе жоғары (облыстық – 0,8 пайыз) болды. Жалпы жұмыссыздық көрсеткіші шамамен 5,6 пайызды, ал кедейлік деңгейінен төмен тұратын тұрғындар саны 2442 адамды құрап, олардың саны өткен жылдармен салыстырғанда 9,3 пайызға азайған (1-сурет).



Сурет 1 – Тіркелген жұмыссыздық деңгейі, пайыз

Жұмыссыздардың шамамен 60-80 пайыздай бөлігі ұзақ уақыт бойына (бір жылдан жоғары) жұмыссыз жүрген, біліктілігінен айырылғандар, ал 70 пайыздай бөлігін әйел адамдар құрайды.

2006 – 2008 жылдары 2300 жұмыс орны құрылды. 2008 жылы орташа айлық жалақы **140872** теңге (950 АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 18,5 пайызға өскен.

Жалпы, Жаңаөзен қаласы бойынша еңбек нарығының негізгі көрсеткіштерін келесі кестеден көруге болады.

Кесте 2 - Жаңаөзен қаласы бойынша еңбек нарығының негізгі индикаторлары

Көрсеткіш	2005	2006	2007	2008
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық, адам	39 125	41 408	39 121	39 235
Жұмыспен қамтылған халық, адам, оның ішінде:	37 372	39 994	36 987	37 038
- өнеркәсіп саласында	21 082	22 618	20 062	22 222
- үлес салмағы, %	56	57	54	60
Жұмыссыз халық, адам	1 753	1 414	2 134	2 197
Жұмыссыздық деңгейі, %	4,5	3,4	5,5	5,6
Ескертпе: Маңғыстау облысы Статистика Басқармасы мәліметтері бойынша				

Жаңаөзен қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі мәселелерінің бірі – жұмыссыздық. Жұмыссыздық деңгейі 4,5-5,6 пайыз шамасында жоғары деңгейді көрсетіп отыр. Жұмыссыздардың ішінде 60-80 пайызды ұзақ мерзім жұмыссыздар құрайды [2].

Еңбек нарығында жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың сандық және сапалық сәйкессіздіктері орын алып отыр. Өнеркәсіпте негізінен жоғары білікті мамандарға қажеттіліктер туады, мәселен кәсіпорындарға жаңа технологиялар мен құрылғыларды енгізу мамандардың біліктілік дәрежесін көтеруді талап етеді.

Жаңаөзен қаласындағы демографиялық жағдайға қарасақ, келген оралмандардың есебінен соңғы жылдарда халық санының тез арада өсуі, мәселен 2009 жылы қала халқының саны 1999 жылмен салыстырғанда 77,2 пайызға артуы. Сондықтан қаланың жұмыспен қамтамасыз ету қызметтерінің мамандарының айтуынша жұмыссыз тұрғындардың келген оралмандардың көбінің кәсіби-біліктілік деңгейлері төмен. Еңбек нарығының бұндай құрылымы білім мен біліктілік дәрежесі бойынша жаңа жоғары технологиялық өндірістердің құрылу факторы бола алмайды. Бұл қалалардың жұмыссыз азаматтары негізінде аймақтың экологиялық сауықтырылуы,

жөндеу, құрылыс жұмыстары, жол, тратуар төсеу және мамандандыруды қажет етпейтін басқа да қоғамдық жұмыстарға тартылады.

Еңбек нарығында жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың сандық және сапалық сәйкессіздігі сақталып отыр. Өнеркәсіп пен экономикадағы тұрақтылық тұтас алғанда кәсіби мамандарды талап етті. Кәсіпорында жаңа технологияларды енгізу персонал біліктілігінің деңгейіне талаптардың жоғарылауына әкелді.

Кесте 3 - 2009ж. қаңтар айындағы жұмысшылардың саны және орташа айлық жалақысы [3]

	Орташа айлық жалақы		
	Теңге	Өткен жылдың сәйкес кезеңіне, пайызбен	Нақты жалақы индексі өткен жылдың сәйкес кезеңіне, пайызбен
Маңғыстау облысы, барлығы	137385	121,3	112,5
Ақтау қаласы	151821	119,9	111,2
Жаңаөзен қаласы	140872	136,2	126,4
Бейнеу ауданы	106180	116,4	108,0
Қарақия ауданы	111933	170,3	158,0
Маңғыстау ауданы	30905	77,2	71,6
Мұнайлы ауданы	85478	100,3	93,0
Түпқараған ауданы	52462	87,3	81,0
Ескертпе: Маңғыстау облысы Статистика Басқармасы мәліметтері бойынша дайындалды			

Кестеден көріп отырғанымыздай атаулы мағынада ең жоғарғы жалақы – Ақтау мен Жаңаөзен қалаларында – 151,8 және 140,9 мың теңге және Қарақия және Бейнеу аудандарында – 111,9 және 106,2 мың теңге болып қалыптасты. Ең төмен жалақы Маңғыстау ауданында сақталып отыр (30,9 мың теңге). Жаңаөзен қаласында ең жоғарғы жалақы мұнай және газ өндіру саласында (141 945 теңге), ал көлік пен байланыста (56871 теңге), құрылыста (67 393 теңге) қалыптасқан. Қала бойынша ең төменгі жалақы бюджет ұйымдарының қызметтерінің жалақысы, мәселен білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет салаларында (31 294 теңге) көлемінде.

Жаңаөзен қаласында орташа атаулы жалақы мөлшері республикалық деңгейден 2,8 есе жоғары болғанымен де, қалада жұмыссыздық деңгейі (5,6 пайыз) салыстырмалы түрде жоғары болып отыр.

Сонымен қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына кедергі келетін мынадай негізгі мәселелерді атап көрсетуге болады:

- Жұмыссыздықтың жоғарғы деңгейі;
- Тұрақты сумен қамсыздандыру жүйесінің болмауы;
- Білім беру жүйесін ұйымдастыру желісінің тапшылығы;
- Денсаулық сақтау ісін ұйымдастыру желісінің тапшылығы;
- Өндірістік, оның ішінде көлік инфрақұрылым объектілерінің тозуының жоғарғы пайызы;
- Көлік қатынасы торабының қанағаттанғысыз жағдайы, т.с.с.

Осы аталған әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу мақсатында облымызда дағдарысқа қарсы арнайы шаралар жоспары қабылданып, іске асырылуда, онда мынадай жұмыстардың негізгі бағыттары анықталған.

Дағдарысқа қарсы бағдарламаның негізгі бағыттары мынадай:

Бірінші - халықты жұмыспен қамтамасыз ету. 2009 жылы облыстағы кәсіпорындарда кемінде 8000 жаңа жұмыс орны, оның ішінде 1 мыңы - әлеуметтік және 4,5 мыңы - шетелдік жұмыс күшін тартатын компанияларда құрылды. Осыған байланысты әрбір кәсіпорында жұмыс орнын құрудың жоспар-кестесі әзірленді.

Барлық ірі және орташа кәсіпорындармен қызметкерлердің еңбек құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз ету бойынша меморандумға қол қойылды, олардың басшылығы жыл бойына қызметкерлерді қысқартпауға және жалақыны уақтылы төлеуге міндеттенді.

Мұнайгаз секторы мен құрылыс жобаларындағы Қазақстанның және жергілікті жердің қатысуын ұлғайту жөніндегі жұмыстар күшейтіледі.

Әлеуметтік жұмыс орындарының санын екі есе көбейту жоспарланып, жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға бағыттау екі есе ұлғайтылды;

Екінші бағыт - халықты әлеуметтік қолдауды кеңейту. Заңнамамен белгіленген төлемдерден басқа, жергілікті бюджет қаражаты есебінен, қосымша әлеуметтік көмектің 18 түрін, оның ішінде нан бағасының қымбаттауына байланысты төлемдер жалғастырылуда.

Тұрғын үй көмегін алушылардың контингенті екі есе ұлғаяды (7000 адамнан 13 мың адамға дейін). Бастауыш мектеп оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету көзделуде. Бірінші кезеңде 1-ші сынып оқушылары (9000) қамтылмақ. Осыдан бұрын тамақпен тек қана аз қамтамасыз етілген отбасы балалары және жетім балалар қамтылған болатын.

Биыл біздер халықтың әлеуметтік көңіл-күйін жақсарту мақсатында, облыстың елді мекендерін сумен және газбен қамтамасыз етуді 100% дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз.

Үшінші бағыт – бұл кәсіпкерлікті дамыту.

«Даму» Қоры арқылы шағын және орта бизнес субъектілерін несиелеу практикасы жалғасын табады. Бұл кемінде 50 шағын және орта бизнес субъектілерінің бизнес-жобасын қосымша несиелеуге мүмкіндік береді.

Халықты шағын несиелеуге бөлінетін қаражат көлемі (300 млн.теңгеге дейін) екі есеге ұлғаятын болады.

Төртінші бағыт – өңірді азық-түлікпен қамтамасыз етуді қауіпсіздендіру – дағдарысқа қарсы саясаттың негізі болып табылады. «Берекет» мамандандырылған кәсіпорны өңірімізге негізгі азық-түлік өнімдерінің 18 атауын жеткізу бойынша шекаралас облыстармен және елдермен жасасқан қолданыстағы меморандумдардың мерзімдерін ұзарту жөнінде жұмыстар жүргізуде. Азық-түлік корпорациясы, Қазақстанның Астық Одағы және жергілікті нан өндірушілер арасындағы облысқа ай сайын бағасы 60 теңгеден аспайтын 1500 тонна ұн жеткізілімі жөнінде жасасқан Меморандум іске асырылуда.

«Берекет» МКК-ның 60 сауда нүктесі арқылы нарықтық бағадан 20% төмен бағамен азық-түлік өнімдерінің сатылуы іске асырылуда.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзіміздің ауыл шаруашылық өнімдер өндірісін, оның ішінде көкөністер мен бақша дақылдарына арналған егіс алқаптарын кеңейту арқылы ұлғайту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Бесінші бағыт. Облыс бюджеті құрылымында 1 млрд.теңге мөлшерінде тұрақтандыру қоры құрылды, қордың қаражаты шағын және орта бизнес субъектілерін несиелеуге, халықтың әлеуметтік қорғалатын санатын қолдауға, облыстың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталады.

Барлық жоғарыда аталған шаралар, негізгі макрокөрсеткіштер қарқынының төмендеуін болдырмау міндетін іске асыруға және тұтастай алғанда, облыстың және сонымен қатар облыстың барлық аудандарындағы елді мекендерінің әлеуметтік – экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

2009 жылы Жаңаөзен қаласында Жан басына шаққандағы ЖӨӨ көлемі 30 мың АҚШ долларын (республикалық деңгей – 7,7 АҚШ долл.) құрағанымен де, қалада жұмыссыздық деңгейі айтарлықтай жоғары (5,6 пайыз). Жаңаөзен қаласы бойынша дағдарысқа қарсы бағдарламаның негізгі бағыты болып табылатын халықты жұмыспен қамтамасыз ету міндетін шешуде туристік салада кластерлік үлгіні қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Әдебиеттер:

1. Жаңаөзен қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы: салыстырмалы талдау. 2009 ж.
2. Облыс әкімі Қ.Е. Көшербаевтың Жаңаөзен қаласында қорытынды есеп беру сөзінің тұжырымдамасы, 27 қаңтар 2009 жыл
3. Маңғыстау облысының аймақтық статистикалық жылнамасы, 2009 жыл.